

## АЛТАЙ АУЫЛЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Гүлханым АРЫСТАНОВА\* 

Темірғали АРШАБЕКОВ\*\* 

Айдаржан ҚАСЕНОВ\*\*\* 

### Аңдатпа

Бұл мақала 2019 жылдан бері үш автордың Түркия Республикасының Алтай ауылы Улыкышла ауданы (Нийде), Салихли, Измир және Ыстамбұлда тұратын қазақтардың материалды мәдениетін жинақтау үшін арнайы ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедицияның нәтижелері ретінде жарияланатын мақалалар тізбегінің (сериясы) бастамасы.

Аталмыш мақалада Алтай қазақтарының Түркияға қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылдануы, қоныстануы, этникалық құрамы жайында сөз қозғай келе, Алтай қазақтарының Түркиядағы қара шаңырағы Нийде қаласы, Улыкышла ауданына қарасты Алтай ауылында тұратын қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне бір сөзбен айтқанда, өткені мен бүгінге қысқаша шолу жасалады. Өйткені Алтай ауылы – Алтай қазақтарының қара шаңырағы саналады.

Алтай қазақтарының этнографиялық және тарихи мәдени құндылықтарын зерттеудің мақсаты – көшпелі қазақтардың тарихына, материалдық мәдениетіне, көшпелі мәдениет синдромына байланысты В. Хейсиг пен К. Урай-Кохальмидің әдістемелік көзқарасы негізінде кешенді сараптама жүргізу болып табылады. Зерттеу барысында сипаттамалық зерттеу әдісі, этнографиялық деректер жинау әдісіне сүйене отырып, Алтай қазақтарымен тікелей кездесіп, информаторлардан сұрақ-жауап және тыңдау арқылы материалдар таспаға жазып алынды. Сонымен қатар естелік ретінде сақталған құжат, суреттерге талдама жасалды. Тарихи синхронды-диахронды әдіс арқылы өткені мен бүгінге шолу жасалды.

Нәтижеде информаторлардың жауаптары күні бүгінге дейін жазылған мақала, кітап, роман, естеліктер және академиялық жұмыстармен салыстырылып, толықтырылды. Алтай ауылы қазақтарының өткен кезеңі жинақталып, жүйеленіп, жаһандану кезіндегі өмір сүру салты мен тұрмысы хатқа түсірілді. Көп сериялы шығатын бұл мақала тізбегі алдағы уақытта қазақтың тарихын, мәдениетін, әр рудың этникалық ерекшеліктері мен орналасқан жерлерін, тіпті киім-кешек пен әшекейлері, орнаменттерінің ерекшеліктерін, бір сөзбен айтқанда, материалды мәдениеті мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін детальді зерттеуге мүмкіндік береді.

2019 жылдың 29 шілдесінде Алтай ауылын көркейту, қазақ мәдениетін насихаттау қауымдастығы (Алтай ауылы/Нийде), Улыкышла ауданы Нийде әкімшілігі мен Анкарадағы Қазақстан елшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараға арнайы бардық. Сол кезде Бурса мен Алтай қазақтары тұратын Салихли, Измир сынды қалаларға да далалық этнографиялық экспедиция жүргізу барысында Бурса - Алтай ауылы (Нийде) - Салихли - Измир - Бурса қаласына баруымыз үшін көлікті өзі жүргізіп, бізді қолдаған досымыз Метин Кайыш пен жұбайы Ясемин Кайыштарға алғысымыз шексіз.

**Кілт сөз:** көш, Түркия, қоныс аудару, Алтай ауылы

\* Еөтвөш Лоранд университеті, Моңғол және Ішкі Азия зерттеулері департаментінің Ph.D студенті, [gulhanis@mail.ru](mailto:gulhanis@mail.ru).

\*\* Қарағанды облыстық ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы, [temir\\_amir@mail.ru](mailto:temir_amir@mail.ru).

\*\*\* Ұлытау облысы, Жезқазған мемлекеттік архив қызметкері, аудармашы, [khasenaidarzhan@mail.ru](mailto:khasenaidarzhan@mail.ru).

## **КРАТКИЙ ОБЗОР ПРОШЛОГО И НАСТОЯЩЕГО КАЗАХОВ СЕЛА АЛТАЙ**

### **Аннотация**

Данная статья является инициативой по подготовке серии статей, которые будут опубликованы как итоги полевой этнографической экспедиции, организованной с 2019 года тремя авторами планоно для сбора материальной культуры казахов, проживающих в селе Алтай Турецкой Республики, а районе Улыкышла (Нийде), Салихли, Измире и Стамбуле.

В упомянутой статье речь идет о принятии алтайских казахов в качестве вынужденно перемещенных лиц – переселенцев-постояльцев, их расселении, этническом составе, делается краткий обзор прошлого и настоящего жизни казахов, проживающих в Алтайском селе города Нийде Улыкышлинского района, алтайских казахов в Турции. Потому что село Алтай считается уважаемым и почитаемым домом алтайских казахов.

Целью изучения этнографических и историко-культурных ценностей казахов Алтая является изучение истории, материальной культуры казахов-кочевников, элементов материальной культуры, связанных с феноменом кочевой культуры. Проведение комплексной экспертизы на основе методологического подхода В. Хейсига и К. Урай - Кохальми. В ходе исследования, опираясь на описательный метод исследования, метод сбора этнографических данных, материалы были записаны на пленку путём прямой встречи с алтайскими казаками, вопросов и ответов от информаторов. Также был проанализирован документ, сохранившийся на память, изображения. Был проведен обзор прошлого и настоящего с помощью исторического синхронно-диахронного метода.

В результате ответы информаторов были сопоставлены и дополнены статьями, книгами, романами, мемуарами и академическими работами, написанными в современности. Прошлое казахов села Алтай было обобщено и систематизировано, а образ жизни и быт в условиях глобализации запечатлены в письме. Эта многослойная серия статей позволит в дальнейшем детально изучить казахскую историю, культуру, этнические особенности и локации каждого рода и даже особенности одежды и украшений, локаций, словом, материальной культуры и обычаев.

29 июня 2019 года с обществом Благоустройства села Алтай, развития и поддержки казахского аула (село Алтай) муниципалитета Улыкышла (Нийде) совершили поездку в село Алтай (Нийде) в рамках специально организованного мероприятия со стороны губернатора Нийде и казахского посольства в Анкаре.

В связи с этим, выражаем безмерную благодарность за оказанную помощь в ходе поездки по маршруту Бурса-село Алтай (Нийде)-Салихли-Измир-Бурса для проведения полевой этнографической экспедиции в городах Бурса, Салихли, Измир и на местах проживания Алтайских казахов нашему другу Метин Кайыш и его жена Ясемин Кайыш за поддержку и оказанную огромную помощь, за предоставление собственной автомашины.

**Ключевые слова:** Миграция, Турция, переселение, село Алтай.

## **ALTAY KÖYÜ KAZAKLARININ DÜNÜ VE BÜĞÜNÜNE KISA BIR BAKIŞ**

### **Özet**

Bu makale, 2019 yılından itibaren üç araştırmacı tarafından Türkiye Cumhuriyeti'nin Altay köyü (Niğde), Salihli, İzmir ve İstanbul ilçelerinde yaşayan Kazakların maddi kültürünü araştırıp, derleyip toplamak için düzenlenen bir etnografik saha araştırmasının sonucu olarak yayınlanacak dizi makalenin bir girişimidir. Bu çalışmada Altay Kazaklarının *iskanlı göçmen* olarak Türkiye'ye gelişi, yerleşimi, etnik yapılarından genel olarak bahsederek Altay Kazaklarının Türkiye'deki *kara şanırağı* Niğde İli Ulukışla ilçesi Altay köyünde yaşayan Kazakların yaşamına bir değışle dünü ve bugününe kısa bir bakış sunulmuştur.

Altay Kazaklarının etnografik, tarihi ve kültürel değerlerini incelemenin amacı göçebe Kazakların maddi kültürüne ve göçebe kültürü sendromuyla ilgili maddi kültürü unsurlarına B. Heissig ve K. Uray Köhalmi'nin

metodik yaklaşımı temelinde kapsamlı bir inceleme yürütmeye dayanmaktadır. Makalede betimsel araştırma yöntemi, veri toplama yöntemi, etnografik saha araştırması yapılmıştır.

Betimsel araştırma ve veri toplama yöntemine dayalı olarak yürütülen araştırma sürecinde Altay köyüne bizzat gidilerek, muhbirlerle yüz yüze görüşülerek, soru cevap şeklinde sohbetler kaydedilmiş, evlerinde hatıra olarak sakladığı belge ve fotoğraflar incelenmiştir.

Sonuç olarak muhbirlerin cevaplar ve onların tarafından bize sunduğu belge, fotoğraf, albümleri günümüze kadar yazılan eser, makale, akademik çalışmalarla karşılaştırılarak desteklenmiştir. Altay köyü Kazaklarının geçmişi derlenip sistematize edildi. Ayriyeten küreselleşme sürecindeki yaşam tarzları kayıt altına alınmıştır. İleride bu Altay Kazaklarına dair yazılacak tüm makale dizisi Kazak tarihi, kültürü, etnik özellikleri, her kabile ve boyun giydiği kıyafetleri ve süsleme özellikleri, giysi kalıpları, bezemeleri, kısacası maddi kültür, gelenek ve görenekleri, örf ve adetleri hakkında mikro ve detay çalışmaya olanak sağlayacaktır.

29 Temmuz 2019 yılında Altay köyü Güzelleştirme- Kazak Köyünü Tanıtma ve Yaşatma Derneği Niğde Valiliği ve Kazakistan Elçiliği tarafından düzenlenen etkinliğe katıldık. Bu etnografik saha araştırması hususunda Bursa- Altay köyü (Niğde) - Salihli - İzmir - Bursa istikametine gidip gelmemiz için aracını sağlayan değerli dostlarımız Metin Kayış ve Yasemin Kayış'a çok teşekkür ederiz.

**Anahtar kelime:** göç, Türkiye, yeni yerleşim, Altay köyü.

## **A BRIEF OVERVIEW OF THE PAST AND PRESENT OF THE KAZAKH VILLAGE OF ALTAI**

### **Abstract**

This article is an initiative of a series of articles (series) to be published as the results of a field ethnographic expedition organised from 2019 by three authors specifically to collect the material culture of the Kazakhs living in the Altai village of the Republic of Turkey, the municipality of Ulukishla (Niğde), Salihli, Izmir and Istanbul. The mentioned article deals with the acceptance of Altai Kazakhs as immigrants with settlement, their ethnic composition, and a brief overview of the past and present life of Kazakhs living in the Altai village of the city of Niida, Ulikyshlinsky district, and Altai Kazakhs in Turkey. Because the village of Altai is considered a respected and revered home of the Altai Kazakhs. The purpose of studying the ethnographic and historical and cultural values of the Kazakhs of Altai is to study the history, the material culture of the Kazakh nomads, the elements of the material culture connected with the phenomena of the nomadic culture. Carrying out a comprehensive study based on the methodological approach of W. Heissig and K. Uraj-Kochalmi in the course of study based on the descriptive method of collecting ethnographic data, the materials were recorded on tape through direct meetings with Altai Kazakhs, questions and answers of informants.

In addition, the documents preserved in memory, pictures were analysed. A review of the past and present was carried out using the historical synchronous-diachronic method. The responses of the informants were then collated and supplemented with articles, books, novels, memoirs and academic works written in modern times. The past of the Kazakhs in the village of Altai was summarised and systematised, and the way of life and lifestyle in the context of globalisation was captured in a letter. This multi-layered series of articles will allow further study of Kazakh history, culture, ethnic features and locations of each clan, and even features of clothing and jewellery, locations, in a word, material culture and customs.

On June 29, 2019, with the Society for the Improvement of the Altai Village, Development and Support of the Kazakh Aul (Altai Village) of the Ulykyshla Municipality (Niide), we made a trip to the Altai village (Niide) as part of a specially organized event by the Governor of Niide and the Kazakh Embassy in Ankara.

In this regard, we express our immense gratitude for the assistance provided during the trip along the route Bursa-the village of Altai (Niide)-Salihli-Izmir-Bursa to conduct a field ethnographic expedition in the cities of Bursa, Salihli, Izmir and in the places of residence of the Altai Kazakhs to our friend Metin Kayış and his wife Yasemin Kayış for their support and enormous assistance, for providing their own car.

**Keywords:** Migration, Turkey, Resettlement, Altai.

## **КІРІСПЕ**

Профессор Әбдіуақап Қара, күні бүгінге дейін Түркияға қоныс тепкен Алтай қазақтары туралы жазылған зерттеулерді төрт кезеңге бөліп қарастырып, көрсетілген уақыт аралығында жазылған барлық материалдарға кеңінен тоқталып өткен:

1. Қазақтардың әлемге танытылуы (1952-1960)
2. Қазақтардың өздерін Түрік халқына және өз ұрпағына танытуы (1960-1980)
3. Қазақтардың Түркиядағы тыныс тіршілігін зерттеу (1980-1993)
4. Түркиядағы Қазақтардың өздерін Қазақстанға танытуы (1993- ...) [Қара. 2006: 545-546].

Нақтысы қазақ көші, Қытай, Моңғолия мен Түркияға көшкен қазақтар жайлы өте көп еңбектер мен естеліктер жазылды. Әбдіуақап Қара *Орта Азиядан Анадолыға түрік өнері мен мәдениеті (Orta Asya'dan Anadolu'ya Türk Sanatı ve Kültürü)* атты жинақта Түркиядағы қазақтар жайында зерттеулер тақырыбы аясында жоғарыда көрсеткендей төрт кезеңге бөле отырып, қай кезеңде кімдердің қандай еңбек жазғаны турасында анық мәліметтер берген [Қара, 2006:545-554]. Біз тек қана біздің тақырыбымыз аясында жазылған еңбектерді ескере кетуді жөн көрдік. Соңғы уақытта бұл тақырып аясында диссертация, монография, естелік, мақала жазылып жан-жақты зерттелуде. Атап айтқанда, Годфрей Лиас [Godfrey, 1956:213] Осман батыр туралы еңбек жазса, Халифе Алтай Алтай қазақтарының Анадолыға көшуі мен тыныс тіршілігі туралы жазды [Altaу, 1977:469].

Бұл тақырып аясында біршама докторлық және магистрлік диссертациялар да жазылды. Оған Өмер Құлдың *Осман батыр мен Шығыс Түркістанның ұлттық күресі (1941-1951)* жайлы докторлық диссертациясы [Кул, 2009:454]. Найм Танер Көксойдың 1951 жылында Кәшмір қаласына келген көшті бастаушылардың бірі Құсайын Тәйжі жайында жазған *Шығыс Түркістандағы Хүсейін Тәйжінің өмірі мен қызметі (1900-1963)* атты магистрлік диссертациясы [Köksoy, 2019:88], Нийде ауылы бойынша Айшегүл Лиман Четиннің қорғаған Нигде қаласы Улуқышла ауданындағы Алтай ауылының құрылғанынан бүгінгі күнге дейінгі мәдени географиялық көрінісі [Çetin. 2006: 289] магистрлік диссертациясы, Харун Месут Акгүннің *1950 жылдары Шығыс Түркістаннан Түркияға қоныс аударған қазақтардың тарихы мен әлеуметтік*

*экономикалық дамуы* атты магистрлік диссертациясы [Akgün, 2019: 172] мен Марк Киршнердің 1992 жылы Түркия қазақтарының тіл ерекшелігін зерттеп қорғаған докторлық диссертация [Kirchner, 1992] мысал бола алады. Аталмыш диссертацияның ерекшелігі информаторлармен тікелей кездесіп, олардың әңгіме, сұқбаттарын таспаға жазып алып, компьютердің жәрдемімен Түркия қазақтарының сөйлеу диалектісіндегі ерекшеліктерін талдады. Батыстық зерттеушілердің қатарында И. Сванбергтің *Қытай қазақтары: этникалық азшылық туралы очерктер* (The Kazakhs of China: Essays on an Ethnic Minority) атты зерттеу еңбегі Түркия қазақтары бойынша алғашқы еңбектердің бірегейі болып саналады [Svanberg, 1988:250] жазды. Ал Мұстафа Көк *Бауырлас елде жалғасын тапқан салт-дәстүр және Алтай ауылы* атты мақаласында ғылыми емес, өзі бірнеше жыл аталмыш ауылдың ауылнайы болғандықтан әкімшілік тұрғыдан Алтай ауылы туралы біраз дерек берген [Көк, 2019: 17-24].

## **1. ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС**

Алдағы уақытта жариялайтын төрт мақаланың зерттеу әдістері төмендегідей болмақ:

- Зерттеу әдістерінде ең алдымен Шығыс Түркістандағы қазақтардың көші, көш жолы, Түркияға орнығуы туралы қолданыстағы дереккөздер мен құжаттарды ауқымды жинап, зерттеп, материалдарға шолу жасау;

- Тек қана Алтай қазақтары бойынша зерттелген материалдарды қарастыру; Арнайы 2019 жылдың 20 шілдесінде ғылыми еңбектер, фото, құжат, аудиоматериалдар, материалдық тақырыптар бойынша еркін сұқбаттар, электронды пошта сұқбаттарын қолдану;

- Алтай қазақтарының тарихына, материалдық мәдениетіне, көшпелі мәдениет синдромына байланысты материалдық мәдениет элементтеріне В. Хейссиг пен К. Урай-Кохальмидің әдістемелік көзқарасы негізінде кешенді сараптама жүргізу;

- Зерттеу барысында сипаттамалық зерттеу әдісін қолдану, этнографиялық деректер жинау;

Алтай қазақтарымен тікелей кездесіп, информаторлардан сұрақ-жауап және тыңдау арқылы материалды таспаға жазу;

- Естелік ретінде сақталған құжат, суреттерге талдама жасау;
- Тарихи синхронды-диахронды әдіс арқылы өткені мен бүгініне шолу жасау.

## **2. ТАРИХИ ШОЛУ**

Алтай – көшпелі қазақтың ежелгі мекені болғаны жұртшылыққа аян. Бұл жайында Жәди Шәкенұлы Қаралы *көш* романында былай деп сипаттайды: *Аталарымыз Алтайдан ауып, Сыр бойына дейін босқан еді. Онан Арқа мен Алатауды айналып келіп, сол киелі жерге керегемізді қайта жайғанбыз. Менің кіндік қанымның Алтайда тамғанын да жақсы білесің, ал енді дәмім таусылса Баркөлде қалмақпын. Бұл да Алланың жазған жазуы, сызған сызығы болар. Бірақ мынау есіңде болсын, мейлі шығыстағы Бәйтік, Қаптық, Бұлғын, Қобда жері болсын, терістіктегі Алтай, Тарбағатай даласы болсын, осы Баркөл өңірі болсын, бәрі де – ата-бабаларымыздың бізге ениі етіп кеткен даласы. Басқаны айтпай-ақ қояйын, шығысындағы Аратүрік деген жердің аты да талайды ұқтырып тұрған жоқ па. Түрік елі қуатты мемлекет болған ежелгі заманда Шығыс Түрік, Батыс Түрік деген екі елге бөлініпті дейтін аңыз бар. Сол екі түріктің шекарасы Аратүрік атасқан деуші еді. Атадан қалған жердің алалығы болмайды. Сендерді жаман жерде қалдырып бара жатырмын деп айта алмаймын [Жәди Шәкенұлы Қаралы *көш* романынан үзінді, 10.12.2023].*

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында Орталық Азия үшін өзара үлкен таласқа Ресей патшалығы мен Британ империясы түскені тарихтан белгілі. Бұл тартысты Ресей империясы өзінің оңтүстік шекаралары қауіпсіздігі үшін деп алдап түсіндірсе, ағылшындар жағы өзінің Үнді мен Парсы шығанағында орнығу мәселесімен байланыстырды. Біртұтас тұрғыдан алғанда сыртқы саясатты жүйе ретінде қарастыру сол кездегі Орталық Азияға қатысты әрбір империяның ұстанған мотивтерін нақтылауға мүмкіндік береді, ал империялар арасындағы геосаяси сипаттамалар мен ықпал ету салалары модельдеу арқылы айқындалады [Zhangabulova, Alpysbes, 2021]. Бұл жайында тыңғылықты зерттеулерін жүргізген біршама ғалымдар ой-пікірлерін білдірген, жан-жақты талдау ізденістерін жасаған. Сондай-ақ, Шыңжан өлкесінің тарихына қатысты мәселелер де зерттеу нысанына айналған. *Қазақтың дәстүрлі жер танымында Үлкен Жетісу, ал тарихи-географиялық еңбектер мен ғылыми әдебиетте Шығыс Түркістан атымен белгілі әйгілі өлкенің 1860-1870-шы жылдар аралығында өткерген оқиғаларын*

*зерттеп қарастыру, қазіргі таңда Шыңжаңдағы қалыптасқан күрделі саяси ахуалдың алғышарттарын түсіну үшін аса маңызды. Сол кезде пайда болған Жақыпбектің Жетішар мемлекеті қазіргі таңдағы «Шыңжаң» атымен белгілі ежелгі түркілік кең байтақ аймағының бүкіл жерлерін қамтыды - дейді зерттеушілер [Алпысбес, Ергалиева, Халиева, 2018].*

Алтайдай құт мекендегі қазақ халқының этникалық тарихы XVIII ғасырда бірнеше саяси оқиғаларға қатысты болды. XVIII ғасырдың екінші жартысында Жоңғария хандығы құлаған соң, керей, найман руларының ежелгі ата қоныстары Алтай таулары еді. Негізінде Қытай, Моңғолия мен Түркиядағы қазақтар сонымен қатар Түркия арқылы Еуропаға кеткен қазақтардың түбі тегінде Алтай, Тарбағатайдан арғы бетке өткен қазақтар. Олар Тарбағатай өңірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін жалғастыруда [Информант: Сымбат Мүталлапханқызы, 27.11.2023] десе, информант Мұстафа Көктің айтуы бойынша әкесінен естігені *Арғы атасы Қарақас руының батыры Қаптағай батырдың бейіті Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданында жерленген. Қазіргі Қытайға қарасты аймақтар ол кезде Қазақстанның бір қиыры болған. Әкеміз сол аймаққа Сырдария бойынан барғанын айтып отырушы еді*, дейді [Информант: Мұстафа Көк, 27.11.2023].

Абақ елі кезінде Еділ-Жайық бойында, Ор өзені саласында мұнан соң Мұғалжар таулары, Сыр бойын мекендеп, Жәнібек батырдың бастауымен Шыңғыс-Қалба тауларына қоныс аударумен қатар қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин патшалығы да қарым-қатынасын суытпады. Оған Петербор мен 1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елші жібергені дәлел бола алады [Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, 2009].

Қазақ сұлтандары Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастағанын көрген Абылай жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясатты ұстанып өтті. Жазба деректерде Абылайдың шет ел

басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі [Аршабек, 2017: 450]. 1752 жылы ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойрат қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, сол жылдың шілде- тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға түсірді. 1756 жылы Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетті. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан кейін қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысты [Тайшыбай, 2011: 640]. Абылай бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтерді. 1756 жылғы соғыстан кейін 20 мыңдық Қытай армиясынан 3 мыңға жуығы ғана қайта оралған. 1757 жылдың жазында Цинь әскерлері Тарбағатай таулары арқылы қазақ жерлеріне басып кіреді және осы жерде Аягөз маңында қазақтардың қытайларға қарсы соңғы шайқасы өтті. Қазақ билеушілері Жоңғарияны қайта қалпына келтіру үшін күрестің нәтижесіздігін түсіне бастады. Сөйтіп, 1757 жылдың қыркүйегінде Пекинге Қанжігер мен Өміртай бастаған елшілер жіберілді. Императордың қабылдауында болған қазақ елшілері, бір жағынан өздерінің *1756-1757 жылдардағы әрекеттерін үлкен қателік болды* деп түсіндірсе, екінші жағынан, *Алтай мен Тарбағатайды қазақтардың заңды қоныстары* деп жариялады және оны қазақтарға беруді талап етті. 50-нші жылдардың аяғында бұл мәселелер негізінен дипломатиялық жолмен шешілді. Қазақстанның Қытаймен арадағы бұдан былайғы қатынастары екі негізгі мәселелерге атап айтқанда, жер аумағы және саудаға байланысты болды. Тарихи құжатта бұл жөнінде былай делінген: *Қытай тарапынан Қазақтар келіскен сауда мерзімінде келмесе, әзірленген сауда бұйымдары бұрынғы орынға (Баркөлге) тасып апарылсын. Биыл келген қазақтар келесі жылы да келеді* [Салғараұлы, 1998: 41].


XVIII ғасырдың 60-70 жылдары қазақтар жоңғарлардан азат етілген өз жерлері үшін тегеурінді күрес жүргізді. Алтай, Тарбағатай тауларындағы ескі қоныстарына



алдымен керей және найман тайпалары, ал Жетісуға үйсіндер ұмтылды. 1864 жылы *Шәуешек Хаттамасы* арқылы Қытай мен Ресей патшалығы шекараны белгілегенде бүгінгі Түркия қазақтары Шығыс Түркістанда қалып қояды. Осы хаттама мен келісімге сәйкес Шыңжанды Қытайдың Мәнжу үкіметі өзінің саяси билігін жүргізе бастайды. Кейіннен Түркияға қоныс аударған қазақтардың ата-бабалары Шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістан территориясында өмір сүрген. XIX. ғасырдың соңында Алтай, Тарбағатай өңірін мекендеген қазақтар өз жерлерін тастап Құмыл, Баркөл, Мори қалаларына қарай қоныс аударуына [Kalkan. 2007:127] бірнеше себептер болды. Атап айтқанда, Ресейдің отарлауы, орыс шаруаларын қазақтың ең құнарлы деген жерлеріне жүйелі түрде орналастырып жайылым жерлерін жоюы, отырықшылық саясатын жүргізуі, қуған-сүргін, қазақтардың дүние, мал-мүлкін тартып алуы т.б.

Қазақтардың Қытайға мәжбүр кету себебін Семей облыстық мемлекеттік архив құжаттарынан көруге болады. Архивте араб қарпінде жазылған нұсқалар бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Төменде Ұлытау облысы Жезқазған мемлекеттік архив қызметкері, араб қарпімен жазылған шағатай, қадім, көркем жәдид каллиграфиялық жазуларының маманы, аудармашы Қасенов Айдаржан Балтабайұлы тарапынан аударылған архив құжаттарының аудармасын қаз-қалпында берудеміз. Бұл құжаттар біздің тақырыбымызға тұздық болды.

**Сурет 1. Қытайға ауған қазақтардың қалған малдарын үкіметтің бөліске салуы туралы архив құжаты.**



Дереккөз: Абай облысының мемлекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алынды, Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Құжаттардың ішінде Қытайға қашқан қазақтар жайындағы мәліметтер Архив құжаттары ішіндегі *Материалы по конфискации у лиц убежавших в Китай* деген

сөйлемдегі *убежавших* терминін *қашқандар* емес, *вынужденно перемещенные* яғни, *кетуге мәжбүр болғандар* деп оқуымыз қажет. Немесе *Материалы по конфискации у лиц убежавших в Китай* сөйлемін былай аударған жөн: Қытайға ауған қазақтардың соңында қалған малдарының бөліске түсуі [Информант проф. Мақсат Алпысбес көптеп кездеседі. Мәліметтердің ішінде мысалы: 74 қор (қор), 9 іс, № 3 описьте (тізімдеме) былай делінген. Біз араб қарпінде жазылған құжаттардың тәржімаланған қалпын өзгертпестен берудеміз:

*Қытайға қашқан байлардан жергілікті райком қызметкері әм жай ауыл азаматтарының қатысуымен түсіріп алып қалған малдар.*

*Тарбағатай ауданы бойынша:*

*6-ншы ауыл бойынша: 1728 қой, 20 сиыр, 15 жылқы, 5 түйе, 5 киіз үй.*

*4-нші: 253 қой, 6 сиыр, 4 жылқы, 1 түйе, 2 киіз үй.*

*5-нші ауылдан: 990 қой*

*3-нші ауылдан: 217 қой.*

*Жоғары (Қытайға қашқан байлардан қалған ірі қара) малдар қазіргі күнде иелері арғы беттен қайтпағандықтан колхоз мүшелері мен жай кедейлерге берілу үшін бағылуда тұр. Үлестіріліп берілген жоқ.*

*Ауатком ағасының қолы. 27/VIII – 1928 жыл.*

*74 қор (қор), 9 іс, № 3 описьтің ішіндегі 300 бен 301 беттің мазмұны осы тектес.*

*Қор ішіндегі мәліметтерден кейінгі құжаттар легі былай болып келеді:*


*Материалы по конфискации у лиц убежавших в Китай (Қытайға ауған қазақтардың соңында қалған малдарының бөліске түсуі). Қор 74, іс 39, опись 3.*

Құжаттар әр қилы болып келеді. Семей төңірегіндегі болыстықтарда кәмпескеге ұшыраған байлардың тізімдері мен өмірбаяндары да кездеседі. 74-нші қордың 23 ісі 409 беттен тұрады. Құжаттың басынан бастап аяғына дейін қуғын-сүргінде болған қазақ байларының сол уақытта көрген қиыншылықтарын байқауға болады. Олардың малдарын кәмпескелеп қана қоймай, бала-шағасымен жер аударылғандары да кездеседі. Сондықтан бұл құжаттардың түпнұсқадан басқа да қаріптерге тәржімаланған ғалымдарға зерттеу үшін таптырмайтын мағлұматтар.

Келесі 74-нші қор (қор), 38 іс, 3 опись 560 беттен тұрады. Бұл қорта Абай облысы (бұрынғы Семей губерниясы) төңірегінде өмір сүрген байлардың аянышты тағдырлары суреттеледі. Бұл мәліметтердің барлығы тәржімалауды, Кирилл қарпіне түсіруді қажет

ететін таптырмайтын материалдар. 74 қор, 28 іс, 3 опись, 74 бетті құрайды. Осы секілді көптеген құжаттар бар. Бұлар зерттеуді өте қажет ететін мәліметтер екенін ескерген жөн.

**Сурет 2.** Архив материалы. Қор 74, іс 39, опись 3. 1. сурет. Қытайға ауған қазақтардың қалған малдарын үкіметтің бөліске салуы туралы архив құжаты.



**Дереккөз:** Абай облысының мемлекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алынды, Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Аудармасы:

қор 74, іс 39, опись 3

Бағалау акті

Тарбағатайдың аудандық Аткомы (Атқару Комитеті).

Біз Тарбағатайдың аудандық аткомы тұрған Қытай еліне кеткендерден қалған малдан колхозға беретін малдан бағалап беру комиссиясы. Түпнұсқадан тікелей аударған Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Иманқұлұлы Ақмет (Аткомнан), Сатыбалдыұлы Кенжебай(кооператив), Сайғали Меңдібайұлы (қосшыдан).5-ші ауыл кеңесінің төрағасы: Арапбайұлы мен Шұбар артелінің бастығы Құлпейісұлы Нұртазаның қатысуымен жасадық. Осы акт мына төмендегідей:

Шұбар артеліне берілген 30 қой, 8 ешкінің бағасы орта есеппен артық болғандықтан екі жүз төрт сомға бағалауға (қой) басы алты сом, ешкі 3 сомнан. Сол үшін осы актіні жасадық. Акт екі дана болып жасалды.

Комиссия мүшелерінің қолдары.

Шұбар артелінің бастығы: қолы.

5 ауыл кеңес ағасы: қолы 116 лист.

*Тарбағатайдың аудандық Аткомы*

*Акт*

*Тарбағатай аудандық Аткомы. Біз Тарбағатай аудандық Аткомы құрған Қытай еліне кеткендерден қалған малдан колхозға берілетін малдан бағалап, өткізіп беру комиссиясы: Иманқұлұлы Ақмет (Атком), Сатыбалды Кенжебай (кооператив), Сайғали Меңдібай (қосшыдан).*

*4-ші ауыл Мешіт қонған артелінің бастығы: Қайыр Ешмұхамбетұлының қатысуымен осы акт төмендегідей түрде жасадық:*

*Қаралып бекіген жоба бойынша, Мешіт қонған артелеге берілген төрт ірі сиыр, 1 ірі өгіз, 5 тайынша, 45 қой, 34 ешкі. Бұл малдарды орта есеппен жергілікті баға бойынша, қойдың біреуі 6 сомнан, ешкінің біреуі 3 сомнан, сиырды 20 сомнан, бір өгізді 30 сомға, бір бұзауды 6 сомға, тайыншаны үш сомнан, сонда осы малдардың барлық жиынтығы бес жүз жиырма сегіз сом (528) бағалауға. Осы акт екі дана болып жасалды.*

*Комиссия мүшелерінің қолдары.*

*Жоғарыда жасалған актінің ішінде көрсетілген 4 ірі сиыр, 1 өгіз, 1 бұзау, бес тайынша, 45 қой, 34 ешкі және осы актінің бір данасын алдым.*

*Комиссия мүшелерінің қолдары.*

*Мешіт қонған артелінің бастығы: Ешмұхамбетұлы*

*Атком хатшысы: Әбдіқанұлы. 117 парақ.*

*Терме*

*1928-ші жылы 4-ші августте болған Тарбағатай Аткомының 6 санды басқарма мәжілісінің 6-шы тармағынан.*

*Тыңдалды.*

*Иесіз қалған мал-мүліктерді пайдалану туралы (Оспанұлы).*

*Қаулы*

*Қытай еліне көшіп кеткен үйлер туралы үкімет бюджетіне дүниеге залал келмес үшін, солардың мал-мүлкін сатып, ең алдымен бюджетін толтырып, қалғандары қосшының пайдасына берілсін. Сату үшін бәсекеге сауда қойылсын. Жекеде басқарып алып баруға комиссия құрылсын. Аткомнан Бекбосынұлы, қосшыдан Омарұлы,*

*аудандық ақша бөлімінен Ысқақұлы бүгіннен бастап бағалау жұмысына кіріссін. Бәсеке сауда 5/VIII – 1928-нші жылға дейін дайын болсын.*

*117 парақ. Абай облысы Абай облысының мемлекеттік архиві. КММ.*

XX. ғасырдың басында Алтай қазақтары Алтай тау сілемдерін жайлауы, Ертіс бойы мен Бұғылы-Шіңгіл, Бәйтiк, Сауыр алқаптарын, Құбы құмын қыстау етiп тұрақтанып, мекендейдi. Iргесi орныққан сайын қонысын кеңейтуге тырысты. Қаба басымен ұштас, Терiсаққан, Қомқанас, Сұмды айрық, Арал жайлауы және Үшләк Өмегейтi, Ботамойын асуы, Китiк арша, Қайырты басы, Арасан, Қара Ертіс, Бала Ертіс бастары және Көктоғай секiлдi аталы жайлауларға ие болған [Алтай, 2011: 280].

1919 жылы Алтай-Шыңжан өлкесiне қаратылып, Алтай аймағы құрылды. 1921 жылы қызылдардан жеңiлiп қашқан ақ орыс армиясы шекарадан басып кiрген кезде, Алтайдың билеушiсi Жоу-доу иың қорқып өзiн-өзi өлтiрген кезде, әскерлерi Үрiмжiге қашып кетедi. Сол кезде жергiлiктi халықтан шыққан Зұқа секiлдi ру басылар, батырлар, ақ армияға берiлмей ел қорғаны болды. Алтай аймағын қорғау Алтай халқының өзiне тапсырылды. Осы кезде Үрiмжiдегi саяси, әскери өзгерiстерден кейiн, тақ басына Шың Шы Цай (Sheng Shi Tsai) келдi. Ол жергiлiктi ұлттарға сенбедi. 1936 жылы алдындағы бұйрықты жойып, қару-жаракты жинастырып алды. Ең басты жер-жердегi жұрт белсендiлерiн Үрiмшiге барлығы шамамен 40-50-ден астам адамды құрылтайға деген желеумен шақыртады. Бұл оқиғадан соң осы аймақтағы Шенг Шы Цай 1938 жылдың басында Алтайдан Сәлiм, Қамбар, Шабдан бастаған қайраткерлер тұтқындалады. Көктоғай ауданынан: Қалел Нұртазаұлы, аймақтық үкiметтiң бас хатшысы – Мәнкей Мәмиұлы қамауға алынады [Тағатайұлы, 2009:11].

1939 жылы Алтай елiнде дiннiң пiрi болған Ақыт Үрiмжанұлы да тұтқындалады. Ел арасындағы қозғалыс алдымен Көктоғайдан бастау алады. 1940 жылдың соңында мылтық жинауға шыққан Шуй әкiм елдi аралап, бiрнеше ауылды бақылауға алады. Ақтеке би өзiне қарасты қарақас руының ер адамдарын жинайды. Аз ғана уақытта Бурылтоғай жерiне жақындағанда 500 - дей үй Үлiңгiр өзенiнен өрлеп, Сарытоғайға бет алады. Көтерiлiстi естiген Ноғайбай, Зәтәлбай, Мұса мерген бастаған Шiңгiл елдi қосқанда мыңға тарта түтiн болады. Алтай халқына, соның iшiнде Көктоғай, Шiңгiл елiне соғыстың от-жалыны жалайтын үрейлi сын сағаттары соқты. Осы кезде *Мылтық жинау комиссиясы* деп аталған, Жу деген басшылық еткен 100-ге жуық қарулылар қалаға келiп, жиын ашып, мылтық жинауға кiрiскен кезде аласапыран болып едi.

Көтерілісшілер алғашқы шайқасты Көктоғай ауданын алудан бастап еді, Шың үкіметі Шонжыдан 200 әскер аттандырды. 1940 жылы көкек айында Шонжыда генерал Яң ди шанның басқаруында генерал Забелиннің ауыр жеңіл пулеметтермен қаруланған жеті мың әскер келіп, Шіңгілдің Шағанарға деген жерде сұрапыл соғыс ашты. Жазалаушы полк ойсырай жеңіліп, 100-ге жуық адамынан айрылады. Шың үкіметі ұшақ жіберіп, аспаннан қағаз тастап, сары атты орыстарды өлтірмеуді ұсынып, орнына кімді қаласа сол тұлғаны босататынын білдіреді. Көкек айында көтерілісшілер саны артып, 2000 түтінге жетті. Олар соғыса жүріп Бұлғын өзенінен өтіп, Моншақ деген жерге жеткенде көктен ұшақпен бомбалап жерден броневик машиналар партизан шебін бұзып, атты әскерлер қоршауға алды. Соғыс бір апта жүрді. Кеңес үкіметінің саясатын қолдайтын Моңғолия үкіметі де партизандарға қарсы соғыс ашты [Таңатайұлы, 2009: 16].

Алтай көтерілісін зерттеуші Асқар Татанайұлы, Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында дүниеге келген. Оннан астам дастан, жиырмаға жуық пьеса, мыңнан астам өлең, көптеген тарихи әңгімелер жазған қаламгер солақай саясаттың салдарынан он сегіз жылдай қуғынға ұшырап, көп қиындық көрген. Қаралы көштің басынан өткерген ақын жазбасында осы тарихи оқиғаларды былай баяндайды: ... *Алтай аймағында жеті аудан бар. Екеуі – Көктоғай мен Шіңгіл Моңғолия шекарасына жақын. Алтайдың күнгей бетінен ағатын екі өзенді үшкен Шіңгіл және Кіші Шіңгіл деп атайды. Осы екі өзеннің құйылысында Шіңгіл қаласы бар. Көктоғай – Ертістің басы. Жергілікті халықты Ақыт қажыны Сарсұмбе түрмесіне қамауы халықтың ашу ызасын келтірді. Ырысқан сөз бастап, елдігімізді есепке алып жатқан жоқ. Арыстарды абақтыға қаматып қалай отырамыз. Алдымен, Көктоғай ауданының басшысын құртып, қолға қару түсіру керек. Қытай тарапынан болған қыспақ елді мекенін тастап шығуға себепкер болды.*

Қаралы көш бірнеше мәрте болды. Халифа Алтай осы ауыр көштің сипатын өз ішінде жүріп баяндаған. *Алтайдан ауған ел* атты еңбегінен үзінді келтірсек: *1931 жылы әрі үлкен жұт, әрі жаугершіліктің салдарынан Алтай, Шіңгілдің халқы ауыр зардап шегеді. Сондықтан көптеген ауылдар Алтайды тастап, Құмыл аймағы Баркөл ауданына қоныс аударады. Осы жылдың күзінде Алтайдың Сарытоғай өзенінен көшіп, Баркөл өлкесіне келдік. Баркөлдегі Шақабай руының бастығы Нұрғалидың жанына келіп, бұл жерді бес қыстап, 1938 жылы Гансу өлкесіне жеттік.*

Өр Алтайды ата жұртты тастап шығуға бел байлаған екінші көш Елісхан бастаған көш болды. Елісхан бастаған 600 түтін Шың-Шынша шекарасына Дөбастауға бұзып



өтпек болады. Баркөлден шыққан көш легі де былай баяндалған: *Баркөлден алдыңғы көш 500 түтін ғана болса, бұл көш одан әжептәуір көп, 2500 түтін. 1939 жыл Іңіз тауы мен Мажын тауының арасындағы ойпатты қазақтар Кеңқияқ деп атап кеткен. Осынау босқын елге шүйліккен жау әскері де әртүрлі амалдар ойлайды, тосқауылдайды. ... Қалың көш Мажын мен Әнші өзенін көктей өтіп алдыңғы елге келіп қосылады. Бес жыл бойы ақтабан шұбырынды болып жиналған адам саны 18 мыңдай еді. Алда әлі талай асу бар.* [Алтай, 2011: 22-23].

Олардың үдере көшуіне 1933 жылы Қытайдағы Шыңжаң өлкесінің билеушісі Шенг Шы Цайдың зорлық-зомбылық, саяси қысымы мен қудалауы себеп болды [Балтабаева. 2017:45]. Әбдіуақап Қара Түркияға бір мезгілде келген екі көшті төмендегідей атап көрсетуде:

1. 1938-де Елісхан және Зайып батырлар бастаған Тибет, Гималайды (Бұланай) асып, 1941-де Үндістанға жеткен көш.

2. Қалибек әкім, Сұлтан Шәріп Зуға батыр ұлы, Құсайын Тәйжі, Дәлелхан Жаңалтай сынды төрт ел ағаларының Мау Зыдұнның төңкерісінен кейін көшіп 1951-де Кәшмір қаласына орналасқан көші.

1940 жылы ақпан айының екісінде Ырысқан, Есімхан, Нұрғожайлар бастаған көтеріліс бұрқ ете түсіп, аудан басындағы қытайды біраз әскерімен өлтіріп, халықтық сипат алды. Азаттық деп атқа қонған жасақтар қолдарына балта, шоқпар ұстап шығады да, аудан бастығы қытайды өлтіріп қасындағы біраз әскерімен қолға түсіреді. Көтерілісті басу үшін Шың Шысай арнаулы жасағын дайындап Шонжы қаласынан Бәйтiк жолымен Сарсүмбеге келеді. Қолды Яң бастап келеді. Жердегі әскеріне аспандағы ұшақтары көмектеседі. Екі жақтан бірдей шабуыл жасайды. Алайда Арманты, Бәйтiк тауларының қуыс-қойнауына тығылып, қаша орналасқан көтерілісшілер оңайлықпен беріле қоймайды.

Көтерілісшілер соғыста жеңіп, мерейлері артады. Бірақ көтеріліс басшыларының бірі Ырысхан ауырады, халықта біраз абыржу болды. Дегенмен, ұлт-азаттық қозғалысты жалғастырып алған беттерінен қайтпауды мақсат етеді.

Шың Шысай әскерлері соғыста жеңіліс тауып, беті қайтады. Бұл тығырықтан құтылудың жолы келісімге келу деп ұғады. Көтерілісшілер мынандай талаптар қояды.

1. Тұтқындалған адамдардың тірілері абақтыдан шығарылып, өлгендерінің сүйектері қайтарылсын.

2. Өткен соғыстағы мал-жан шығыны есепке алынбасын.
3. Өлкелік басқару органдарға қазақтар тағайындалсын.
4. Көктоғай, Шіңгіл облыстарында қытай әскерлері болмасын.
5. Алтай өңіріндегі кендерді орыстар қазбасын.

Осы талаптарын Шың Шысай өкіметі орындамақ болып келісімге екі жақты қол қойылады. Бірақ ұсталған адамдардың көбі бұл кезге дейін жасырын өлтірілгендіктен, бірлі-жарым қалғандары ғана босатылады.

Сурет 3. Екі көштің жолы



Дереккөз: Әбдіуақап Қараның жеке веб сайтынан алынды. [https://www.abdulvahapkar.com. 20.04.2023].

1941 жылы май айынан бастап Шенг Шы Цай айтқан уәдесінен қайтып, Көктоғайға әскер әкеледі. Ақытұлы Қалман мен Қалелұлы Рахаттың бастауымен Көктоғайда қайта көтеріліске шығады. Оспан батыр халық қолдауына ие болады. Жердің жай-жапсарын жақсы білетін сарбаздар тау шатқалы налай отырып, жауды жайратып тастайды. Көтерілістің басшысы Ырысқан сөзін былай бастайды: *Елдігімізді есепке алып жатқан жоқ. Арыстарды абақтыға қаматып қалай отырамыз. Алдымен, Көктоғай ауданының басшысын құртып, қолға қару түсіру керек...*

1940 жылы ақпан айының екісінде Ырысқан, Есімхан, Нұрғожайлар бастаған көтеріліс бұрқ ете түсіп, аудан басындағы қытайды біраз әскерімен өлтіріп, халықтық сипат алады.



**Сурет 4.** Алтай қазақтарының көшбасшылары. Солдан оңға қарай: Оспан батыр, Ақыт Үлімжанұлы мен Халифа Алтай.



Дереккөз: Темірғали Аршабековтың жеке архивінен алынды.


Алғашқы көш Үндістан-Пәкістанда жүрген кезде босқын мәртебесімен ғана қалғысы келмеген Алтай қазақтары жергілікті билікпен дипломатиялық қарым-қатынас орнату, азаматтық құқығын алу, түрік ағайындарды пана тұту, елді қондыру мақсатында 17 қазан 1951-де Пәкістанның Пешауер қаласында *Шығыс Түркістандық Қазақ босқындары* қоғамын құрады. Аталмыш қоғамның бас хатшысы Халифа Алтай болады. Толағай ізденіс пен еңбектің *Türk Eli* журналындағы комитеттің барлық мүшелеріне Пәкістандағы босқын қазақтардың жағдайын білдіре отырып хат жазуы, Түркияның Пәкістандағы дипломаттарымен кездесулері нәтижесінде [Әбжанов. 2017: 46] 13 март 1952 жылғы № 1952/14/595 Аднан Мендерес Үкіметі Министрлер Кеңесінің шешімімен Түркияға қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылданды [Қара, 2006: 545].

Ал Ежесу Зехра Сағлам өзінің магистрлік диссертациясының қорытындысы ретінде жазған мақаласында Әбдіуақап Қара, Өмер Кул мен Тунжер Текинге сілтеме жасай отырып, Шығыс Түркістандағы саясат пен қысымның артуының салдарынан, қытай мен орыстың қысымынан құтылу мақсатында ірі төрт көштің болғанын жазған. 1. Елісхан Батыр көші (1934) 2. Хүсейін Тәйжі көші (1936), Иса Юсуф Алптекин мен Мехмет Емин Буграның көші (1949) 4. Алибей Хәкімнің бастаған көші (1949) [Sağlam. 2022. 235].

1965 жылдың наурыз айында батырлар алдымен көшті кейін қалдырып, таң қараңғылығымен шекараға шабуыл жасайды. Елісхан батыр жаудың тірі қалғандарын бір жерге жинап, мәлімет алады азық-түлік беріп қоя береді. Көш суатқа жетіп дамылдап, бір түнеп шыққан адамдар Гансудың Тула деген жеріне барып қонады. Келесі

бір көш легін Қожаберген бастайды. Бұл көш сәтсіз аяқталып, 500 үй бастаған көшті аспаннан ұшақпен бомбалап, әрі жерден атқылайды. Жан сауғалаған жандар қудалауға ұшырайды. Ғабдолла, Хайбар, Сейітнәби сияқты басты адамдары қолға түседі. Ұсталған адамдар хабарсыз кетеді.

**Сурет 5.** Алтай қазақтарының Түркия қоныстанушы иммигранттар есебінде қабылдануы. 13 март 1952 жылғы № 1952/14/595 Түркия Республикасы Министрлер кабинетінің тарихи қаулысы.



Дереккөз: Информант Мұстафа Көктің жеке архивінен алынды.

Қаулыда былай делінген: *Түркия үкіметінің 1952 жылғы 13 наурызындағы №3/14595 нөмірі арнайы қаулысы бойынша Пәкістандағы босқын қазақтарды қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылдап, көмек көрсетілсін делінген. Сол кезеңде Түркияға келетіндерге арнайы құжаттар дайындауға уақыт берілді. Елшілікке көмекші болу үшін Халифа Алтай тағайындалды.*

Қазақтарды Түркияға сол кездегі Премьер-министр марқұм Аднан Мендерес қабылдады. Басқа елдерге келетін иммигранттардан ерекшелігі, Түркия мемлекеті Пәкістаннан өтініш жасаған бұл қазақтарды Түркияға келгенде жер телімі берілетіндей және бірден азаматтыққа қабылданатындай етіп *исканлы гәчмен* (қоныстанушы иммигранттар) ретінде қабылдайтынын білдірген. Қоныстанушы иммигранттар деп түбі бір түркі жұртынан санаталын, арнайы заңмен шетелден көшірілетін және осы заң аясында жылжымайтын мүлік беру арқылы қоныстанатындарды айтады.

Қазақстар Түркияға келген соң мемлекет оларды уақытша Зейтүнбурну, Сіркежи, Тузла аудандарындағы лагерь іспетті қонақ үйлерге бөліп орналастырып, тегін жай, тамақ берілді. Тоқымашылық, ұсталық, тігіншілік сияқты мамандықтырға үйретіп, оқыта бастады. Ел *мүсәпірханада* 6 айдан үш жылға дейін тұрып жатты.

М. Көктің айтуы бойынша бұл мүсәпірханада қазақтарға берілетін үйлер дайын болғанша еркек қауымы бөлек, әйел қауымы бөлек Ыстамбұлдың Зейтүнбурну, Тузла және Сиркежи аудандарында арнайы дайындалған орындарда екі жыл қалды. Кейіннен төмендегі алты ауыл мен ауданға яғни, Салихли ауданына (Маниса), Исмил ауданына (Кония), Яхиялы ауданы (Кайсери), Девели ауданы (Кайсери), Улыкышла ауылы (Нийде), Ақсарай ауданы (Нийде) орналастырды. Харун Месут Ақгүн диссертациясында Сұлтанханы, Исмил, Кайсери, Салихли мен Алтай ауылына кейінірек Ыстамбұлдың Гүнешлі, Зейтүнбурну, Күчүкчекмеже, Сефакөй, Үмраниеге қазақтардың орналасуы жайлы жақсы мәлімет келтірген [Ақгүн, 2019: 41-61]. Осы екі көшпен Түркияға аман-есен жеткен көш санының қанша екенін әркім әр қалай жобалайды. Дегенмен, профессор Әбдіуақп Қара мен информант Мұстафа Көк Аднан Мендерес Үкіметі Министрлер Кеңесінің 13.03.1952 жылғы № 1952/14/595 санды қаулысы бойынша Түркия Республикасына иммигрант-резидент ретінде 1850 қазақ иммигрант қабылданып, Улыкышла (Нийде) 160 үй, Ақсарай (Нийде) 60 үй, Девели (Кайсери) 75 үй, Яхиялы (Кайсери) 15 үй, Йешилхисар (Кайсери) 25 үй, Исмил (Кония) 60 үй, Ерейли (Кония) 15 үй, (Маниса) аудандарына барлығы 180 үй орналасқандығын жазады (<https://www.21.04.2023>). Ал енді Алтай ауылына орналасқан жанұялардың дені 12 Керей рулары еді. 1954 жылы Анкарадан Нәжәти Тұрғай деген бастық Ыстамбұлға келді. Ол адамның сөзіне қарасақ Салихлы деген жерге салулы 50 үй бар екен.

*Осы екі ортада Каширден Қалибек Хакім мен Хамза Ұшар бастаған 18 отбасы көшіп келді. Ел-елге қосылып мәре-сәре болып қалдық. Осы орайда Хамзаның қарындасы Бибәтшамен таныстым. Бұл таныстық соңы жарастыққа ұласып, Бибәтші балаларымның анасы болды. Бүгін де адал жар, абзал ана атанды. Бибәтшімен 2 ұл Абдұрразим, Аднан, 3 қыз Шәкурә, Мәшкура, Айтен бар.* (Алтай, Алтай ауған ел, 104 б).

### **3. АЛТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ — АЛТАЙ АУЫЛЫ**

Мұнда басқа жерлерге аудан ретінде тек қана Нийде облысы Улыкышла ауданы Алтай ауылына «ауыл» статусында орналасты. Сол себепті Алтай ауылының мемлекетке

ресми түрде әкімдік кеңсесі арқылы тікелей байланысы бар. Түркиядағы жалғыз қазақ ауылы атанған. Түркия Республикасы әр отбасыға ресми түрде тек (фамилия) беру заңы бойынша Алтай ауылы, Улыкышла ауданы, Нийде облысына қарасты Халықтың тіркеліміне байланысты Түркия Республикасының азаматтығын берген. Алтай ауылында Орта жүздің Керей тайпасының қазақтары тұрады. Төменде Керей тайпасының ішіндегі төмендегі рулардан қанша жанұя тұратыны көрсетілген:

Қарақас руынан 33 үй, Тасбике руынан 27 үй, Молқы руынан 26 үй, Ителі руынан 23 үй, Сарбас руынан 20 үй, Секел-Тайлақ руынан 15 үй, Уақ руынан 7 үй, Базарқұл руынан 5 үй, Шеруші руынан 3 үй, Жәдік руынан 2 үй, Шұбарайғыр руынан 2 үй, Найман руынан 1 үй, Есдәулет руынан 1 үй. Жалпы 165 үй 650 кісі тұрады [Информант: Мұстафа Көк, 27.11.2023].


Қазақтар орналасқан ауылдардағы жаңа туылған нәрестеден жасы үлкен қарияға дейін жас-кәрі деп бөліп-жармай адам басына 30 гектар егістік жер берген. Бастапқы кезде мал шаруашылық пен егіншілік мақсатымен құрылған Алтай ауылында ауыл халқы өздеріне берілген ауылшаруашылық жерлерін иемденген. Бұл алқаптарға қара сұлы, бидай мен қара бидай өсіруге бел байлап, әр ру өз арасында ақша салып трактор алып, жер асты, жер үсті сулары жоқ жерлерді игере бастады. Ақсарай облысының Солтанхан деген ауылында Сауытбай қажы, Әбдуәли, Тұрсынбайлар орналасып бірнеше жыл егін салды.

Дегенмен етіне сіңбеген жұмыстан шаруашылығын дөңгелету оңай болмады. Уақыт өте ауыл тұрғындары көрпесіне қарай көсіліп, мүмкіндігіне қарай қой, ешкі сатып алып жәймен өздері үйренген мал шаруашылығымен, ал кейбіреулері былғарыдан киім тігіп, тігін машинасын алып қолөнермен айналыса бастайды.

Информант Мұстафа Көк резидент ретінде тіркелген мигранттарға 70 метрлік 165 қоржын там салып бергендігін және 31 шілде 1955 жылдан бастап осы үйлерге орналастырылғандығын айтуда. Әр қазақ жанұясының өздерінің таңдаған ауданында бала санының аз немесе көптігіне қарамай бірдей үй берілген. Бірақ жер телімі берер кезде адам саны маңызды болған. Әр адамға отыз декарь жер телімі берілген. Бір қызығы, бастапқыда қалған қонақ үйде босанған әйелдердің балалары жер телімін ала алған, ал қонақ үйден шыққан соң немесе сол ауданға барған соң дүниеге келген бала саны жер теліміне кірмеген [Информант Мұстафа Көк, 2020].

Төменде Алтай ауылы ресми түрде *Қазақ ауылы* статусын алған соң мемлекет тарапынан алып берген үйлердің орналасу сызбасы берілді. Алғаш берілген қоржын тамның көрінісі мен жоспарын ұсындық.

**Сурет 6.** Ресми түрде *Қазақ ауылы* статусын алған Алтай ауылындағы ең алғаш берілген біркелкі үйлердің орналасу жоспары.



**Дереккөз:** Информант Мұстафа Көктің жеке архивінен алынды.



### Сурет 7. Алтай қазақ ауылының ең алғашқы көрінісі



Дереккөз: Информант Мұстафа Көктің жеке архивінен алынды.

### Сурет 8. Қоржын там



Дереккөз: Информант Мұстафа Көктің жеке архивінен алынды.

XXI ғасырдың басында Нийденің Улыкышла ауданы, Алтай ауылында Әтейхан Білгін ақсақал бастаған 30 шақты үй түтінін түтетіп отыр. Әтейхан – ел бастаған Елісханның немерелес ағайыны. Нийде аймағы Улыкышла ауданының Алтай ауылына орналасып, ауыл әкімі болып ұзақ уақыт жұмыс атқарған. Алғаш қоныстанған 200-дей

отбасының көбі Ыстамбұлға көшкен. 1957 жылы ауыл орталығында бастауыш мектеп болған. Кейін 2010 жылы ауыл мектебі жабылып, балаларды мектептің арнайы көлігімен ауданға апарып білім берді. Бастапқыда жаңа мекенге жерсініп, өздері үшін ашылған кәсіби дайындық курстары мен Құран курстарын оқитын. Информант, Алтай ауылының бұрынғы ауылнайы Мұстафа Көктің айтуымен білім алу деңгейінің төрт деңгейде дамығанын топшылауға болады: 1965-1970 жылдар (мемлекеттік мектепте оқи бастауы), 1975-1980 жылдар (%20), 1980-1990 жылдар (%60), 1990-2000 жылдар (% 100). Қазіргі таңда Алтай ауылынан шығып әлемнің әр торабына таралған қазақ жастары әр түрлі салада қызмет етуде. Тіпті Харун Месут Акгүннің диссертациясы мен Мұстафа Көктің мақаласында олардың аты-жөні, тізімі берілген.

1992 жылы Селчук университеті, Киім дизайнерлігі бөлімінде студент болып жүргенімде 17 жаста болатынмын. Ол кезде Қазақстаннан оқуға келіп, түрікше үйреніп жүрген кез. Конияда әр түрлі мамандықта білім алып жатқан қазақ жастарын Алтай ауылына қонаққа шақырғаны есімде. Құшақ жая қарсы алған кәдуілгі қонақжай қазақтар. Ол кезде Алтай ауылының ауылнайы Мұстафа Көк еді. Әр үйде 4-5 тері тігетін тігін машинасы болатын. Жағдайына қарай кей үйде былғарыдан желек, аяқ киім, сырт киім тіксе, кей үйлерде жасанды теріден бұйым тігіп кәсіппен айналысатын [Арыстанова Г. 27.11.2023].

Қазіргі таңда сол Түркия қазақтарының қара шаңырағы атанған Алтай ауылынан тараған жастардың арасында жоғары оқуды бітірген көзі ашық азаматтар ел арасында жеткілікті.

Алтай ауылына кейінгі уақытқа дейін Әтейхан Білгін, Халел Өзтүрік, Рамазан Шалышқан, Хамит Түркістанлы, Әбдурахман Сауаш, Шехзада Қандемір, Мұстафа Көк сияқты азаматтар ауылнайлық міндетін атқарған.

Қазіргі таңда Алтай ауылында тұрып жатқан этникалық қазақтар: Керей руынан Қарақас, Молқы, Ителі, Уақ, Жәдік, Жәнтекей руынан Секел, Тайлақ, Тасбике, Базарқұл мен Наймандар, Шеруші.

Түркияда Ыстамбұлдан кейін қазақтардың 200-ден астам отбасы тұратын ауданы – Салихлы. Ақсақалдары – Бөкей қажы, Фазылқари, Юсупбек Сойлу, Якуп Гүлер, Абдулла Хак, Каби Чалышқан, Есен Жәдік. Әли Хайдар Өзалп 10 жасынан Құран кәрімді

жатқа оқыған қари, араб-парсы тілдерін меңгерген, ел арасында *Қари қажы* атанған, өте діндар, қадірлі ақсақал болды. Кония облысының Исмил ауданында Қожан ақсақал бастаған шамамен 65 шаңырақ тұрмыс кешті.

1970 жылдардың басында Дәлелхан Жаналтайдың бастамасымен біршама қандастар Ыстамбұл қаласынан жекеменшік жер алып үй салды, бұл аймақ *Қазақ кент* деп аталып келеді. Тек қазақтар өмір сүрген ауыл болған. Кейіннен аталмыш Қазақ кент ауылы Алтай, Ертіс, Баркөл, Бәйтік деп аталатын 4 үлкен көшеге бөлінді.

Түркия азаматтығын алып жатқанда төлқұжатқа 21 маусым 1934 жылы қабылданған *Тек Беру* (Soyadı Kanunu) туралы заңға сәйкес әр отбасына ресми түрде тегі берілді. Оңтайлы түрікше есім жазу талап етілгенде қызметкер қазақша жақсы түсінбегендіктен кейбір қазақтарға қарап отырып өз ойымен есім бере қойған. Мысалы: бойы қысқа жігітке *қысқа* мағынасына келетін *Бодыр*; күнге күйіп кеткен қара жігітке *сен қара жігіт екенсің* деп *қара жігіт* мағынасына келетін *Кара Йигит* деп қоя салған. Кейбір көзі ашық оқыған кісілер өз тектерін өздері қалап қойған. Мысалы, Хасан Оралтай *Қайдан келдің?* дегенде *Мен Әр Алтайдан келдім* деген екен. Сонда оған Оралтай тегін берген екен [информант Сайда Хайдар, 01.12.2023].

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

XX ғасыр қазақ халқының қаралы кезеңінің бірі – Алтай аймағынан бірнеше мың шақырымға созылған, осы жолда бірнеше мың адам мерт болды. Бұл қыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға көшетін қатардағы көш емес, сонау ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған, сол еркіндікке талпынған жұрттың көші. Еркіндікке ұмтылған көш, бодандыққа көнбеген көш. *Соган көнбейміз* деп намысын ажалынан артық тұтқан көш. Алтайдан Анадолыға дейін созылған бұл көштің ауқымы ғана емес, тарихы да соншалықты ауыр, қасіретті. Ал сол азапты жолдағы тауқымет тартқан тағдырлардың қасіретті жағдайына осы мақала арқау болды.

Бұл көштің соңы тек Түркия елінде Алтай ауылынан жер алумен халық аман қалды. 1950 жылдары Халифа Алтай бастамасымен жерге ие болды. Бір мақалада ғасыр азабы бұл зұлматты жеткізу мүмкін емес, сондықтан тек басты оқиғаларға мән берілді. Ал, осы көште мерт болған қаншама мыңдаған жандар бар. Азат басы бұғауға бағынбай, бостандық үшін шыбын жанын құрбан етіп, тізерлеп өткенше тік тұрып өлуді артық



көрген жаны сірі халықтың ұлы ерлігі шын мәнінде бүгінгі ұрпақ үшін тағылым болар тарихтың қасіретті де қатпарлы парақтарының бір парасы.

Ал, Түркия Республикасының Өкімет басшысы Аднан Мендерестің Министрлер Кеңесінің 1952 жылдың 13 наурыз күнгі № 1952/14/595 шешіміне сәйкес Алтай, Тарбағатай аймақтарынан Шығыс Түркістан тарапы жағында босып, жер ауған бірталай қазақтың әр қилы қиындық пен зобалаң көру жолымен Тибет, Үнді, Пәкістан елдері арқылы Түркия еліне жаңа жерге қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылданып, азаматтық берілді. Сонымен қатар әр жанұяны үймен қамтамасыз етіп, кісі басына 30 декарь жер телімін берді. Бұл тарихи оқиғаның өзінен күллі әлем елдеріне адамшылық тұрғысынан үлгі алып, өнеге тұтарлық қайырлы іс екені белгілі.

*Келесі жазылатын мақалаға аңдатпа:* 1964 жылдан кейін Германия Түркиядан қажеттілігіне сай жұмысшы ала бастаған. Жұмысшы алымы көбінесе корпорация арқылы жүзеге асырылғандықтан ең алдымен 1963 жылы *1-Алтай ауылын дамыту кооперативі* құрылған. Еуропаға кеткен Қазақ жастарының дені осы кооператив арқылы Түркиядан Германия мен Швейцарияға кетсе, Еуропаның Франция, Англия, Австрия, Голландия, Канада мен Америкаға дейін жастар өз қаражатымен кеткен. Мақаланың жалғасы Алтай ауылынан Еуропаға жұмысшы сұранысы, кооперативтің құрылуы, қазақтардың шетелге жұмыс миграциясы, орнығуы мен олардың бүгінгі ахуалы туралы болмақ. XIX ғасырдың аяғы мен революциядан кейін және XX ғасырдың 30 жылдары колхоз бен совхозға ұжымдастыру (коллективизация) кезеңінде Қазақстан мен Орта Азиядан Түркияға көшкен мигранттардың ішінде қазақтардың да болуы әбден мүмкін. Бұл тақырып өз алдына академиялық ақтақдақ саналып, архив құжаттары аясында зерттеуді қажет етеді.

### **Ұсыныс**

Мақсатымыз тек қана Алтай ауылы емес, дүниежүзі қазақтарының тарихы, мәдениеті, этнографиясы, киім-кешек және әшекейлері мен осыған байланысты салт-дәстүрлері, тамағы, этникалық ерекшеліктері, материалды мәдениеті зерттеліп, информаторлармен сұқбат басылып, қолда жүрген сурет, маңызды құжаттар, естелік, қисса-дастандар жазылып алынып мұражай - мұрағат жасалуы қажет.

## Қосымша

Алтай ауылына жүргізген далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан және 2019 жылдың 29 шілдесінде Алтай ауылын көркейту, қазақ мәдениетін насихаттау қауымдастығы (Алтай ауылы/Нийде), Улыкышла ауданы Нийде әкімшілігі мен Анкарадағы Қазақстан елшілігі тарапынан ұйымдастырылған шарадан фотосуреттер:

**Сурет 9.** Алтай ауылының бүгінгі көрінісі. Алтай ауылының кіре берісі.



**Дереккөз:** Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.

**Сурет 10.** Алтай ауылының бүгінгі көрінісі. Алтай ауылының кіре берісі.



**Дереккөз:** Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.



**Сурет 11. Қара шаңырақтағы бас қосу тойы.**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.

**Сурет 12. Улыкышла ауданы Нийде әкімшілігі мен Анкарадағы Қазақстан елшілігінен келген қонақтар**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.



**Сурет 13. Алтай ауылының мешіті**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.

**Сурет 14. Алтай ауылының бейіті**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.



**Сурет 15-16. Алтай ауылының тұрғындарымен кездесу**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.

Сол жақтағы суретте Мырзада Узун. Екінші суреттегі кісі Рамазан Авжы. Гүнешлидегі Қожа Ахмет Яссауи қорының бастығы.

**Сурет 17. Алтай ауылының қазіргі көрінісі**



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023 жыл.



**Сурет 18.** Алтай ауылының қазіргі көрінісі.



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023. жыл.

**Сурет 19.** Алтай ауылының қазіргі көрінісі. Ауыл орталығы. Қазақ үйі. Бүкіл Алтай ауылы тұрғындарының жиыны өтетін, бас қосатын мекені.



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023 жыл.



**Сурет 20.** Алтай ауылының қазіргі көрінісі.



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023 жыл.

**Сурет 21.** Алтай ауылының қазіргі көрінісі.



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023 жыл.

**Сурет 22.** Алтай ауылының қазіргі көрінісі.



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 16.12.2023 жыл.

**Сурет 23.** Өз қаражатымызға Бурса - Алтай аулы (Нийде) Маниса (Салихли), Яхиялы (Измир) – Ыстамбұл (Зәйтүрбурну) - Бурса сынды аймақтарға ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедициямыздың құрамы: Солдан оңға қарай Метин Кайыш (электр инженері), жұбайы Ясемин Кайыш (мұғалім) ұлым Райымбек Сапархан (Өмер Халисдемир колледжінің Туризм және отел менеджменті бөлімінің оқушысы, ағамыз Темірғали Аршабеков және мен Гүлханым Мекенбайқызы Арыстанова (ғылыми зерттеуші).



Дереккөз: Алтай ауылына жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция материалы, 29.06.2019 жыл.



2019 жылдың 29 шілдесінде Алтай ауылын көркейту, қазақ мәдениетін насихаттау қауымдастығы (Алтай ауылы/Нийде), Улыкышла ауданы Нийде әкімшілігі мен Анкарадағы Қазақстан елшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараға арнайы бара жатқан сәт. Сол күні Темірғали Аршабеков ағамыз Қарағандыдан арнайы Алтай қазақтарының тыныс-тіршілігі, кәсібін, мәдениетін зерттеуге бел буған далалық этнографиялық экспедицияға қатысуға келген еді.

### **EXTENDED SUMMARY**

The goal of this initiative is to document and preserve the rich cultural heritage of the Kazakhs living in the Altai village of the Turkish Republic, and the Ulykisla (Nigde) region, Salihli, Izmir and Istanbul. The ethnographic field expedition began in 2019 in the selected area and initially conducted interviews, recorded stories and personal narratives to gain a holistic understanding of the Kazakh migration from Kazakhstan to China, long and painful migration from China to an uncertain destination, then acceptance as an immigrant to Turkey, adaptation and resettlement.

The purpose of the study of the ethnographic, historical and cultural values of the Kazakhs of Altai is to study the history, material culture of the Kazakh nomads, the elements of material culture connected with the phenomena of nomadic culture. In the course of a comprehensive study based on the methodological approach of V. Heissig and K. Uraj-Kochalmi in the course of the study based on the descriptive method of collecting ethnographic data, the materials were recorded on tape through direct meetings with Altai Kazakhs, questions and answers of informants. The articles resulting from this expedition will provide an in-depth analysis of various aspects of Kazakh material culture.

In addition, the documents and images preserved in memory were analysed. A review of the past and present was carried out using the historical synchronic-diachronic method. The answers of the informants were then collated and supplemented with articles, books, novels, memoirs and academic works written in modern times. The past of the Kazakhs in the village of Altai was summarised and systematised, and the way of life and lifestyle in the context of globalisation was captured in a letter. This multi-layered series of articles will allow further study of Kazakh history, culture, ethnic features and places of each clan, even features of clothing and jewellery, places, in a word, material culture and customs.

The twentieth century was one of the darkest periods in the life of the Kazakh people; they stretched several thousand kilometres from the Altai Territory (China). Several thousand people died along the way. This was not a regular migration from wintering grounds to pastures, from pastures to wintering grounds, but a migration of people who longed for freedom and had been striving for it for centuries. This path, from the Altai to Anatolia, is not only long but also has a very difficult and tragic history. And this article is based on the tragic situation of the destinies that have suffered along this painful path.

When representatives of the Kazakh nation, who, as a result of forced displacement from the ancestral Kazakh territories of Altai and Tarbagatai after an emergency crossing through Tibet and the Himalayas, found themselves in exile in India and Pakistan, the Head of the Government of the Republic of Turkey Adnan Menderes, by Resolution of the Council of Ministers of March 13, 1952 No. 1952/14/ 595 ordered to accept them as migrants and settle them all in a new place in Turkey, with the provision of Turkish citizenship. It was a gesture of goodwill and a humanitarian action aimed at helping Kazakh refugees as representatives of the Turkic ethnic community. There were many Kazakhs who, as a result of the national liberation struggle against the Chinese aggressive expansionist policies, faced oppression, violence, and experienced various difficulties and hardships. In Turkey, each Kazakh family was provided with a house and 30 decares of land. One decare is 1000 square meters. It is known that this historical event is an example of a noble act, which serves as a moral example for many countries of the world.

The suffering of the century cannot be described in one article, so only the most important events have been highlighted. Thousands of people died on the way. The great courage of free people who did not submit to chains, who sacrificed their lives for freedom and chose to die on their knees, is in fact part of the tragic and multifaceted pages of history that can serve as a lesson for today's generation.

After 1964, Germany began to receive workers from Turkey according to its needs. Since most of the workers' fees were paid through the cooperative, the 1st Altai Village Development Cooperative was established in 1963. Kazakh youths who went from Turkey to Germany and Switzerland went through this cooperative. But the young people who went to France, England, Austria, Holland, Canada and America tried to go with their own means. The rest of the article will be about the demand for workers from the Altai village to Europe and

other countries, the creation of a cooperative, labour migration of Kazakhs abroad, settlement and their current situation.

## **БИБЛИОГРАФИЯ**

Алпысбес М.А., Ергалиева Д.С., Халиева А.Н. История государства Якуб-бека и «Большая игра» в Восточном Туркестане // Отан тарихы. № 3. 2018. 135 бетте.

Алтай Халифа. (2011). Алтайдан ауған ел, Астана.

Аршабек Т., Алпысбес М. (2017). Қаз дауысты Қазыбек би және оның тарихи заманы, Қарағанды: Tengri ЖШС.

Әбжанов Х. (2017). Алтай Халифа Ғақыпұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш. Құрастырған: Балтабаева Г. [және басқалары]. Алматы: Ғылым ордасы РМК баспаханасы.

Еженханұлы Б. (2009). Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, том 2, Алматы: Дайк Пресс.

Жәди Шәкенұлы, (2010). Қаралы көш: тарихи роман, Алматы: Тұран.

Жауапты редакторы, жинақты құрастырып алғы сөзін жазған-филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Жұртбай. (2009). Қазақ ұлт-азаттық көтерілісі, 14 том Шығыс Түркістандағы *Үш аймақ* қозғалысы, Астана: Полиграфия АҚ..

Информант Сайда Хайдар, 1948 жылғы, Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, Зейтүнбурну.

Информант: Сымбат Муталапханқызы, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы.

Информант Мұстафа Көк, Алтай ауылын көркейту, қазақ мәдениетін насихаттау қауымдастығының басшысы, Түркия Республикасы, Улыкышла ауданы, Алтай ауылының тұрғыны.

Көк Мұстафа (2019). *Бауырлас елде жалғасын тапқан салт-дәстүр және Алтай ауылы* (Kardeş toprağında yeşeren filiz Altay köyü), *Қазақ елі*, №14.

Салғараұлы Қ. (1998). 100 құжат. Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар, Алматы: Санат.

- Тағатайұлы А. (2009). Алтай төңкерісі, Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 14 том. Шығыс Түркістандағы *Үш аймақ* қозғалысы, Астана: Астана полиграфиясы.
- Тайшыбай З. (2011). Қазақтың ханы — Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Алматы: Ел шежіре ҚҚ, т. 2.
- Akgün Garun Mesut, (2019). Doğu Türkistan'dan 1950'li yıllarda Türkiye'ye Göç Eden Kazakların Tarihi ve Sosyo-Ekonomik Gelişimi, T.C. Tekirdağ Namık Kemal Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih Anabilim Dalı, Y.L. Tekirdağ.
- Altay Halife, Anayurttan Anadolu'ya, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, 1977.
- Benson Linda, Ingvar Svanberg, The Kazakh of China Essays on an Ethnic Minority, Uppsala: Almqvist&International, 1988.
- Çetin Ayşegül. (2006). Niğde İli Ulukışla İlçesi Altay Köyü'nün Kuruluşundan Günümüze Kültürel Coğrafi Görünümü. Niğde Üniversitesi, SBE, İlköğretim Anabilim Dalı, Yüksek Lisans.
- Delilhan Canaltay, (2019), Çetin Zaman Zor Günler (Kıyılı Zaman, Kıyın Kunder), Ed. Abdulvahap Kara, Çev. Tekin Tuncer, İstanbul: Kalender Yayınları.
- Godfrey Lias, Kazak Exodus, London: Evans Brothers, 1956.
- Kalkan Mustafa. (2007). Sovyetler Döneminde Kazakların Göç Hareketleri ve Anadolu'da (Altay Köyü'nde) İskân Edilişleri, TÜBAR. Sayı 21. Bahar.
- Kara Abdulvahap. (2006). “Türkiye'deki Kazaklar Hakkında Araştırmalar”. *Orta Asya'dan Anadolu'ya Türk Sanatı ve Kültürü. Prof. Nejat Diyarbakirli'ye Armağan*. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları. ss. 545-555.
- Kara Abdulvahap <https://www.abdulvahapkara.com>. Түркия қазақтарының еркіндік жолындағы ұлы көші. (21.04.2023).
- Kirchner Mark. (1992), Phonologie des Kasachischen, Untersuchung Anhand von Sprachaufnahmen aus der Kasachischen Exilgruppe in Istanbul, II Band, Wiesbaden.
- Kirchner Mark. (1993), Sprichtwörter der Kasachen, Wiesbaden.
- Köksoy, Naim Taner, *Doğu Türkistan Kazaklarından Hüseyin Teyci'nin Hayatı ve Faaliyetleri (1900-1963)*, Nevşehir Hacı Bektaş Üniversitesi, SBE, Yüksek lisans, 2019.

- Kul Ömer. Tuncer Tekin. (2015). “XX. Asırda Doğu Türkistan’da Göçler”, *Türk Dünyasında Sürgün ve Göç*, İstanbul: Türk Kültürüne Hizmet Vakfı, ss.193-231.
- Ömer Kul, Osman Batur ve Doğu Türkistan Millî Mücadelesi (1941-1951), T.C. İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih Anabilim Dalı, Doktora Tezi, İstanbul, 2009.
- Sağlam Ecesu Zehra. (2022). “Kazak Türklerinin Doğu Türkistan’dan Anadolu’ya Göçü ve Türk Basınında Yansımaları (1949-1954)”. *Asya Araştırmaları Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi*. Sayı 2. Cilt: 6. ss. 233-244.
- Zhangabulova Zh.M., Alpysbes M.A. (2021). Central and South Asia as priority of Russian and British foreign policy in the second half of the 19th and early 20th centuries // *Analele Universitatii din Craiova - Seria Istorie*. - No. 2(40).